

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Сингапур Республикасының Сауда және индустрия министрлігінің арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 1097 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Сингапур Республикасының Сауда және индустрия министрлігінің арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Сингапур Республикасының Сауда және индустрия министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім

(Келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі мен Сингапур Республикасының Сауда және индустрия министрлігі,

м ы н а л а р ғ а :

сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамыту мақсатында екі ел арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесуге;

стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдар қабылдаған қағидаттар мен нормаларға сүйене отырып, өнеркәсіптік стандарттар және техникалық ережелер саласындағы ынтымақтастықты дамытуға;

индустриялық-инновациялық бағыттағы бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі ақпаратпен, тәжірибемен, технологиялармен алмасуды жүзеге асыруға;

Тараптардың халықаралық экономикалық ұйымдарға кіруі мәселелері қолдау көрсетуге және жәрдем жасауға ұмтыла отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз құзыреті шеңберінде, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес сауда-экономикалық ынтымақтастықтың одан әрі дамуына ықпал ететін болады.

2-бап

Тараптар және техникалық реттеу жөніндегі мүдделі органдар арасындағы тікелей байланыстар орнату жөніндегі халықаралық стандарттар мен талаптарға және стандарттау жөніндегі басқа да материалдарға сәйкес Тараптар мемлекеттерінің ұлттық стандарттарын үйлестіруде жәрдемдесетін болады.

3-бап

Тараптар техникалық көмек көрсету және білікті мамандардың консультацияларын беру мәселелерін қоса алғанда, өзара мүдделілік танытатын инновациялық-өнеркәсіптік бағдарламаларды дамыту мен тарату саласындағы тәжірибемен алмасуға күш салатын болады.

4-бап

Сингапурлік тарап, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің мемлекеттік органы бола отырып, Қазақстан Республикасының осы ұйымға семинарлар мен тренингтерді өткізу жолымен кіруі мәселелері бойынша жәрдемдесетін және қолдайтын болады.

5-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің шағын кәсіпкерлігі саласындағы ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін болады. Осыған байланысты Қазақстан тарабы Азияға және одан тыс жерлерге кіретін Қазақстан компанияларына көмек көрсету және база жасау үшін Сингапурде бизнес-орталық құруды қарастыра алады.

6-бап

1. Тараптар жеке секторда мынадай салаларда бизнес-ынтымақтастығына жәрдемдеседі алады :

- а) қорғаныс өнеркәсібі;
- б) электрондық Үкімет;
- в) кеме жасау мен жөндеуді қоса алғанда, теңіз инжинирингі;
- г) жинақтаушы жабдықтар өндірісін/импортын қоса алғанда, мұнай мен газ;
- д) мұнай химикаттары мен химикаттар;
- е) электроника;

ж) әуежайды басқару мен консультацияны қоса алғанда, азаматтық авиация;

з) өнеркәсіптік және технологиялық парктер;

и) қаржы мен сақтандыру;

к) ақпараттық және коммуникациялық технологиялар.

2. Ынтымақтастық консультациялар беру және техникалық қызметтер көрсету, ақпарат және бірлескен кәсіпорындардың өзара дамуы және тәжірибе алмасу нысанында болуы мүмкін.

7-бап

Тараптар олардың мемлекеттерінің аумағында өткізілетін іскерлік орта өкілдерінің сауда көрмелеріне, жәрмеңкелерге және басқа да осындай іс-шараларға қатысуына ықпал жасайтын болады.

8-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасы туралы, инновациялық қызмет саласындағы және басқа да салалардағы біліктілікті арттыру бойынша өткізілетін тренингтер туралы ақпаратпен, сондай-ақ мерзімді басылымдармен және статистикалық деректермен алмасатын болады.

9-бап

1. Осы Келісімнің шеңберіндегі Тараптар арасындағы ынтымақтастық Тараптармен келісілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

2. Келісімді іске асыру мақсатында Тараптар бірлескен комиссия құра алады.

10-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру процесінде туындайтын тәжірибемен және біліммен алмасуға қатысты шығыстарды бөлуді қарастыруы тиіс.

11-бап

Тараптардың өзара уағдаласуы бойынша осы Келісімге осы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және баптары іске асыруға қатысты кез келген келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешілуі тиіс.

13-бап

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың біреуі кемінде алты ай бұрын дипломатиялық арналар бойынша екінші Тарапқа оның қолданылуын тоқтатуға өз ниеті туралы жазбаша хабарламасын жолдағанға дейін қ о л д а н ы л а д ы .

2. Осы Келісімді бұзу мыналарға:
осы Келісімде осыған ұқсас бұзғанға дейін қабылданған Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне немесе

осы Келісімге сәйкес күшіне енген, бірақ осыған ұқсас бұзғанға дейін толық көлемде орындалмаған кез келген мәмілеге немесе келісімге әсер етпеуі тиіс.

3. Осы Келісімнің ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде, екі түпнұсқалық данада қол қойылды, әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

4. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Осыны растау үшін уәкілетті болып табылатын Тараптардың өкілдері осы Келісімге 2003 жылғы қарашада Сингапур Республикасында қол қойды.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда
министрлігі үшін*

*Сингапур Республикасының
Сауда және индустрия
министрлігі үшін*